

## Ақжар ауылдық округінде ірі қара малдарынан бруцеллез ауруының шығуына байланысты шектеу қою туралы

### *Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 27 желтоқсандағы N 436 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Тарбағатай аудандық әділет басқармасында 2011 жылғы 14 қаңтарда N 5-16-106 тіркелді. Күші жойылды - Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 21 қарашадағы N 323 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2011.11.21 N 323 қаулысымен.**

Ақжар ауылы тұрғындарының ірі қара малдарын бруцеллез ауруынан тазарту мақсатында, Қазақстан Республикасының «Ветеринария туралы» 2002 жылғы 10 шілдедегі № 339 Заңының 10 бабының 2 тармағы 9 тармақшасын, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 31 бабының 1 тармағының 18 тармақшасын басшылыққа алып, Тарбағатай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Тарбағатай ауданы Ақжар ауылдық округінің аумағы көлемінде ірі қара малдарынан бруцеллез ауруының шығуына байланысты шектеу 2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап жариялансын.

2. Қазақстан Республикасы Ветеринариялық Заңдылықтарына сәйкес Ақжар ауылдық округінің аумағын бруцеллез ауруынан тазарту мақсатындағы ветеринариялық іс-шараларының жоспары қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Бруцеллез ауруын түпкілікті жою мақсатында жасалған, шектеулік іс шаралардың малдәрігерлік заңдылықтарға сай толық орындалуын қамтамасыз етуді Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Тарбағатай аудандық аумақтық инспекциясы бастығының міндетін атқарушы (Қ. Ақаев, келісімі бойынша), санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасы бастығы (Б. Қуанышбеков, келісімі бойынша), аудандық кәсіпкерлік, ауылшаруашылығы және ветеринария бөлімінің бастығы (Ә. Аханжанов) ұсынылсын.

4. Аудандық ішкі істер бөліміне (Е. Сейлханов, келісімі бойынша) шектеу уақытында ауру малдар, олардан алынатын өнімдер мен шикізаттардың заңсыз тасымалдауын қадағалауды қамтамасыз ету ұсынылсын.

5. Атқарылған шаралардың орындалуы туралы күнделікті аудандық төтенше жағдайлар жөніндегі комиссиясына ақпарат беріп отыру ауданның бас мемлекеттік ветеринария инспекторы Д. Тулембаевқа және Ақжар ауылдық округінің әкімі А. Боғырбаевқа міндеттелсін.

6. Қаулының орындалуына бақылау, басшылық жасау аудан әкімінің орынбасары С. Жақаевқа жүктелсін.

7. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*М. Сапарғалиев*

<i>Келісілді:</i>			
<i>Тарбағатай істер бөлімінің бастығы</i>	<i>аудандық</i>	<i>ішкі</i>	<i>Е. Сейлханов</i>
<i>Тарбағатай инспекциясы бастығының міндетін атқарушы</i>	<i>аудандық</i>	<i>аумақтық</i>	<i>Қ. Ақаев</i>
<i>Аудандық басқармасының бастығы</i>		<i>МСЭК</i>	<i>Б. Қуанышбеков</i>

Тарбағатай ауданы әкімдігінің  
27 желтоқсандағы 2010 жылға  
№ 436 қаулысына қосымша

**Тарбағатай ауданы Ақжар ауылдық округі бойынша 2011 жылға адам мен жануарға ортақ бруцеллез ауруын түпкілікті жою мақсатында қойылған шектеудің іс-шаралары**

Р/с	Атқарылатын іс-шаралар	Орындалу мерзімі	Орындаушы
I	Аурудан сақтандыру шаралары		
1	Шектеу қойылған уақытта ауыл округі аймағында бруцеллез індетінің эпизоотиялық ошағын анықтап, қоздырғышын жою, залалсыздандыру шараларын іске асыру, ауру қоздырғышын тасымалдау жолын қию	Тазарғанға дейін	Аудандық аумақтық инспекция ветеринариялық қадағалау бөлім мамандары, ЖАО ветеринар дәрігерлері
2	Ауруға күдікті қолайсыз аймақтардың шекарасын анықтау	Ауру шыққан уақытта	Ауыл округінің әкімі, ветеринария инспекторы
3	Тірідей барлық мал түліктерін осы аумақтан және осы аумаққа тасымалдауға тыйым салу (ауру малдарды ет комбинатына тасымалдаудан басқа)	Тазарғанға дейін	Аудандық аумақтық инспекция ветеринариялық қадағалау бөлім мамандары, а/о вет. инспекторы
4	Ауру шыққан аймақтан шөп, сынама басқада дәнді дақылдар дайындап тасымалдауға тыйым салу	Тазарғанға дейін	Аудандық аумақтық инспекция ветеринариялық қадағалау бөлім мамандары, а/о вет. инспекторы
	Бруцеллезге оң таңба берген малдарды 5 күн ішінде төлдерінен айырып, басқа малдарға		

5	қоспай қандайда болмасын бағалылығына тұқымына қарамастан жемдеуге, семіртуге қоймастан 5 күн ішінде жою	Қолма қол	Аудандық аумақтық инспекті ветеринариялық қадағалау бөлім мамандары, а/о вет. инспекторы ветеринария дәрігері
6	Бруцеллез ауруы шыққан отар табынды аурудан таза табындар мен отарларға қоспай жеке ұстауға нұсқау беру	Жыл бойы	Аудандық аумақтық инспекті ветеринариялық қадағалау бөлім мамандары, а/о вет. инспекторы
7	Дені сау малдарды, бұрын ауру малдар тұрған қора-жайға, аулаға механикалық тазалық жүргізіп, толық дезинфекциядан өткеннен кейін және дезинсекция, дератизация жасап енгізу	Үнемі	Аудандық аумақтық инспекті ветеринариялық қадағалау бөлім мамандары, а/о вет. инспекторы ветеринария дәрігері, мал иесі
8	Ауру шыққан мал отары, табын жайылған шабындық жердің шөбі дайындалса оны 3 ай сақтап барып пайдалану	Тазарғанға дейін	Шаруашылық басқарма басшылы
9	Ауру шыққан қолайсыз аймақта төмендегідей т ы й ы м с а л у : қой ешкі малдарын сауып, құрт, ірімшік, май д а й ы н д а у ; дезинфекциядан өтпеген тері дайындау	Тазарғанға дейін	Аудандық аумақтық инспекті ветеринариялық қадағалау бөлім мамандары, а/о ветеринар инспекторы, а/о ветеринария дәр
10	Ауруға белгі берген малдарды ветеринариялық–санитариялық ережелерді сақтай отырып мал соятын орын дайындап союды ұйымдастыру	Уақытында	Ауыл округінің әкімі, ветеринар инспекторы, а/о ветеринария дәр
11	Өлген малдардың, іш тастаған өлекселерді қолма қол жойып, мал моласына көмдіру	Қолма қол	Ауыл округінің әкімі, ветеринар инспекторы, а/о ветеринария дәр
12	Ауру малдардың қиын, салынған төсеніштерін залалсыздандырып, жоюды (химиялық, биологиялық жолдармен) ұйымдастыру	Үнемі	Ауыл округінің әкімі, ветеринар инспекторы, а/о ветеринария дәр
13	Ауру бойынша қолайсыз аймақтағы барлық қой-ешкі малдарынан екі рет теріс қорытынды алғанша серологиялық тексеруден өткізу	Тазарғанға дейін	Ауыл округінің ветеринар инспекторы, лицензиат малдәріг /о ветеринария дәрігері
14	Ауыл тұрғындары арасында бруцеллез ауруының қауіптілігі туралы адам дәрігерлерімен бірлесіп, ақпарат құралдары арқылы түсінік жұмысын жүргізу	Үнемі	Аудандық аумақтық инспекті ветеринариялық қадағалау бөлім мамандары, ЖАО ветеринар дәрігерлері
15	15-20 күн аралығында барлық малдардан ауруға теріс таңба бергенше 2-рет қан алдыру, 1-1,5 айда 2-рет қан алып, теріс таңба алып, қорытынды залалсыздандыру жұмысын жүргізіп шектеуді алдыру	Тазарғанға дейін	Аудандық аумақтық инспекті ветеринариялық қадағалау бөлім мамандары, а/о ветеринар инспекторы, ЖАО ветеринар дәрігерлері
16	Бруцеллез ауруы шыққан қауіпті пункттегі халықты диспансерлік тексеруден өкізу	Қолма қол	Аудандық СЭС, медицина қызметкерлері

*Аппарат басшысы*

*Қ.Мауадинов*